

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 желтоқсандағы N 2670 Заң күші бар жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасында Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

I. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ ССР сот құрылысы туралы" 1990 жылғы 23 қарашадағы Қазақ ССР Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990 ж., N 48, 443-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 293-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат):

9-бапта "мен халық заседательдері", "мен халық заседательдеріне" сөздері алынып тасталып, екінші бөлігіндегі "судьялар" сөзі "судьяларға" сөзімен алмастырылсын;

10-бапта "мен халық заседательдерінің" сөздері алынып тасталып,

"судьялар" сөзі "судьялардың" сөзімен алмастырылсын;

11-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірінші инстанциядағы сотта азаматтық және қылмыстық істерді қарауды судья жеке-дара жүзеге асырады. Жасаған қылмысы үшін заңда өлім жазасына кесу көзделген қылмыстар жөніндегі істер үш судья құрамында алқалы түрде қаралады";

23-баптың екінші бөлігінің екінші абзацында "мен халық заседательдерінің" сөздері алынып тасталсын;

25-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

26-баптағы "мен халық заседательдерінен" сөздері алынып тасталып, "судьялары" сөзі "судьяларынан" сөзімен алмастырылсын;

27-бапта:

атауындағы "мен халық заседательдерінің" сөздері алынып тасталсын;

екінші бөлігі алынып тасталсын;

29-баптың бірінші бөлігінің үшінші абзацы алынып тасталсын;

30-баптың бірінші бөлігінің үшінші абзацы алынып тасталсын;  
31-баптың екінші бөлігіндегі "немесе осы соттың жоғары заң білімі бар халық заседательдерінің біріне" сөздері алынып тасталсын;  
36-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын;  
37-баптың бірінші абзацындағы "мен халық заседательдерінен" сөздері алынып тасталып, "мүшелері" сөзі "мүшелерінен" сөзімен алмастырылсын.  
37-1-бапта "және халық заседательдерінен" сөздері алынып тасталсын.  
44-1-баптың бірінші бөлігінің сегізінші абзацы алынып тасталсын;  
48-баптың бірінші бөлігіндегі "және халық заседательдерін бес жыл мерзімге" сөздері алынып тасталсын;  
46, 64-баптар алынып тасталсын;  
65-баптың бірінші бөлігіндегі "мен халық заседательдері" сөздері алынып тасталсын;  
67-баптың бесінші абзацы алынып тасталсын;  
76-баптағы "мен халық заседательдерін" сөздері алынып тасталсын;  
47-78-баптар тиісінше 46-76-баптар деп саналсын.  
2. 1963 жылғы 28 желтоқсанда Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ

ССР-інің Азаматтық істер жүргізу кодексінде (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964., N 2; Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 294-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат):

6-бапта:

баптың атауы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Азаматтық істерді қарау кезіндегі сот құрамы.

Азаматтық істерді бірінші инстанциядағы барлық соттарда судьялар жеке-дара қарайды";

тоғызыншы бөлікте "немесе халық заседателі" сөздері алынып тасталсын;

екінші, үшінші, оныншы, он бірінші бөліктер алынып тасталсын;

төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы

бөліктер тиісінше екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөліктер деп саналсын;

7-бапта "мен халық заседательдері" сөздері алынып тасталсын;

39-бапта "халық заседателі" сөздері алынып тасталсын.

44-баптың бірінші бөлігіндегі "халық заседателі" сөздері алынып

тасталсын;

45-баптың екінші бөлігіндегі "немесе халық заседателінің" және "немесе халық заседателіне" сөздері алынып тасталсын;

46-бапта:

бірінші бөліктегі "немесе халық заседателінің" сөздері алынып тасталсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

үшінші бөліктегі "халық заседателіне" сөздері алынып тасталсын;

баптың үшінші, төртінші бөліктері тиісінше екінші, үшінші бөліктер деп саналсын;

163-баптың бірінші бөлігіндегі "немесе халық заседателінің" сөздері алынып тасталсын;

227-баптың екінші бөлігіндегі "председательдік етуші" және "председательдік етуші және халық заседательдерінің ең болмаса біреуі істі қарауға қатысқан судьялардан болуға тиіс" сөздері тиісінше "судьялар" және "ескертпені қарауға қатысқан судья болуға тиіс" сөздерімен алмастырылсын.

3. 1959 жылғы 22 шілдеде Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексінде (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі мен үкіметінің Ведомостары, 1959 ж., N 22-23, 178-құжат; Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., N 10, 132-құжат;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 295-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат, N 17, 404-құжат, 424-құжат):

9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Бірінші инстанциядағы сотта істерді қарау

Бірінші инстанциядағы соттарда қылмыстық істерді қарауды судья жеке-дара жүргізеді. Жасаған қылмысы үшін заңда өлім жазасына кесу көзделген қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер үш судья құрамында алқалы түрде қаралады";

10-бапта "мен халық заседательдері" сөздері алынып тасталсын;

21-баптың 4-тармағындағы "және халық заседателі" сөздері алынып тасталсын;

22-баптың бірінші бөлігіндегі "осы Кодекстің 9-бабының екінші бөлігінде көзделген реттерде бірінші инстанция сотында істі коллегиялды түрде қарауды талап етуге" сөздері алынып тасталсын;

31-бапта "халық заседателі" сөзі алынып тасталсын;

207-бапта "Жасы толмағандардың қылмыстары туралы және",

"сондай-ақ судья айыптау қорытындысының тұжырымдарымен келіспеген реттерде немесе айыпкер жөніндегі бұл тартпау шарасын өзгерту қажет

болған кезде" сөздері алынып тасталсын;

209-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"209-бап. Соттың тәртіптеуші мәжілістегі құрамы

Барлық соттарда тәртіптеуші мәжіліс үш судья құрамында өткізіледі";

213-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Судьяның немесе соттың айыпкерді сотқа беру кезіндегі шешімі";

бірінші бөлігі "шешеді" сөзінен кейін "ал судья айыпкерді сотқа беру туралы мәселені жеке-дара шешкен кезде бұл жөнінде қаулы шығарады" сөздерімен толықтырылсын;

екінші бөлік "ретте" сөзінен кейін "судья, сондай-ақ" сөздерімен толықтырылсын;

214-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "ұйғаруы" сөзінен кейін "немесе

судья айыпкерді сотқа берген ретте судьяның жеке-дара шығарған қаулысы" сөздерімен толықтырылсын;

екінші бөлік "ұйғаруда" сөзінен кейін "ал судья қаулыда" сөздерімен толықтырылсын;

215-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотқа беру кезеңінде істі қысқарту";

бірінші бөлігінде "тәртіптеуші мәжілісте" сөздері "айыпкерді сотқа беру кезеңінде" сөздерімен алмастырылсын;

екінші бөлігі "сот" сөзінен кейін "немесе судья" сөздерімен толықтырылсын;

үшінші бөлігі "ұйғаруымен" сөзінен кейін "немесе судьяның қаулысымен" сөздерімен толықтырылсын;

төртінші бөлігінде "тәртіптеуші мәжілісте" сөздері "сотқа беру кезеңінде" сөздерімен алмастырылсын;

бесінші бөлігі "сот" сөзінен кейін "немесе судья" сөздерімен толықтырылсын;

алтыншы бөлігі "ұйғаруының" сөзінен кейін "немесе судьяның қаулысының" сөздерімен толықтырылсын;

216-бапта:

бірінші бөлігінде "істі тәртіптеуші мәжілісте" сөздері

"айыпкерді сотқа беру туралы мәселені" сөздерімен алмастырылсын;

бірінші бөлігі "ұйғару" сөзінен кейін "ал судья қаулы"

сөздерімен толықтырылсын;

екінші бөлігі "ұйғаруы" сөзінен кейін "немесе судьяның қаулысы"

сөздерімен толықтырылсын;

үшінші бөлігі "сот" сөзінен кейін "немесе судья" сөздерімен

толықтырылсын;

219-бапта екінші бөлігі алынып тасталсын;

220-баптың бірінші бөлігі "ұйғаруының" сөзінен кейін "немесе

судьяның қаулысының" сөздерімен толықтырылсын;

екінші бөлігі "ұйғаруының" сөзінен кейін "немесе судьяның

қаулысының" сөздерімен толықтырылсын;

222-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Соттың немесе судьяның шешіміне айыпкерді сотқа беру кезеңінде наразылық келтіру немесе шағым беру";

бірінші бөлігі "ұйғаруы" сөзінен кейін "немесе судьяның

қаулысы" сөздерімен толықтырылсын;

бірінші бөлігінде "ұйғару" сөзі "қабылданған шешім" сөздерімен

алмастырылсын;

екінші бөлігі "ұйғару" сөзінен кейін "немесе қаулы" сөздерімен

алмастырылсын;

223-баптың бірінші бөлігінде "халық заседательдерінің" және "халық заседателі" сөздері тиісінше "судьялардың" және "судья" сөздерімен алмастырылсын;

224-бап алынып тасталсын;

231-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын;

"Сотта аса ауыр қылмыстар туралы істер қаралғанда прокурордың қатысуы міндетті";

257-баптың бірінші бөлігінде соңғы сөйлем алынып тасталсын.

II. Осы Жарлық күшіне енгенге дейін қарауға қабылданған істер халық заседательдерінің қатысуымен тәмәмдалатын болып белгіленсін.

Тоқтатылған және ұзақ мерзімге кейінге қалдырылған істер осы Жарлықта белгіленген тәртіп бойынша қаралады.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті